



БҰЙРЫҚ

24.12.2024 ж.

Жезқазған қаласы

ПРИКАЗ

№ 382-н

город Жезказган

Ұлытау облысы білім
басқармасының 2022 жылғы
26 желтоқсандағы № 84-н
«Ұлытау облысының білім беру
ұйымдарының оқушыларын
ыстық тамақпен қамтамасыз
ету туралы» бұйрығына
өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы № 598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай –ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Ұлытау облыстық мәслихатының XXIII сессиясының 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 «2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ұлытау облысының білім басқармасының білім бөлімдеріне:

1) Ұлытау облысының білім беру ұйымдарында 2025 жылғы 9 қаңтардан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен көзделген бюджет қаражат шеңберінде

тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақтану құны жас ерекшеліктеріне 6(7)-10 жас- ҚҚС қосқанда 603 теңге, 11-14 жас- ҚҚС қосқанда 786 теңге және 15-18 жас – ҚҚС қосқанда 814 теңге болып бекітілсін.

2) 1-4 сынып білім алушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен көзделген бюджет қаражат шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.03.2012 жылғы №320 Қаулысының №15 қосымшасына сәйкес мектеп оқушыларына үш санатты (6(7)-10 жас, 11-14 жас және 15-18 жас) бір реттік ыстық тамақтың ас мәзірі бекітілсін.

4) Білім беру ұйымдары тамақтану спасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет – ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ұлытау облысының білім басқармасы басшысының орынбасары Д. Сулейменовке жүктелсін.

**Ұлытау облысы білім
басқармасының басшысының м.а.**



М.Туребеков

Орынд.: Сулейменов Д.